Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

3-ТАҚЫРЫП: Әлеуметтік педагогикадағы әдіснамалық білім: негізгі белгілері, қалыптасу көздері, өлшемдері

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ

ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ

Дәріс жоспары

1. Әлеуметтік педагогикадағы әдіснамалық білім туралы түсінік
2. Әлеуметтік педагогикадағы әдіснаманың белгілері мен өлшемдері

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

жеке тұлға | әлеуметтендіру | фактор | адам капиталы | қалыптасу | қозғаушы күштер | тұлға қалыптасуының заңдылықтары

Басқа пәндермен байланысы



1. ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

«Әлеуметтік» ұғымы

socialis
(лат.)

→

қоғамдық
адамдардың қоғамдағы өмірі және қарым-қатынастарымен байланысты

ҰҒЫМ НЕНІ ҚАМТИДЫ

1. адамның әлеуметтік дамуы мен тәрбиесі
2. адамның әлеуметтік құндылықтарға бағыт алуы
3. адам өмір сүретін қоғамның нормалары мен ережелері

Әлеуметтік педагогиканың мәнін анықтау тәсілдемелері

Ғалым	Елі	Әлеуметтік педагогика – бұл ...
Ханс Мискес (1915–2006)	Германия	жалпы педагогиканың әлеуметтік функциясын ашатын, барлық жас топтарындағы тәрбиені зерттейтін пән
Клаус Молленхауер (1928–1998)	Германия	жастарға әлеуметтік жүйеге бейімделуге, нормадан жағымсыз ауытқуға қарсы тұруға жәрдем
В.Д. Семенов	Ресей	әлеуметтік ортаның тәрбиелік әсері туралы ғылым
А.В. Мудрик	Ресей	әлеуметтендіру мәнмәтініндегі әлеуметтік тәрбиені зерттейтін ғылым саласы
М.А. Галагузова	Ресей	адамның әлеуметтік дамуына ұйымдастырылған ықпал (тәрбие, оқу, көмек) құбылыстары мен заңдылығын зерттейтін педагогикалық білім саласы

1. ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жинақтаушы анықтама

Әлеуметтік педагогика – педагогикалық білім саласы

ОЛ НЕНІ ЗЕРТТЕЙДІ

Құбылыс	Қызмет
адамның әлеуметтік-мәдени ортадағы әлеуметтік дамуы мен қалыптасуы	мақсатқа сай ұйымдастырылған әлеуметтік-педагогикалық қызмет

Бағыты: адамның жеке мүмкіндіктеріне қарай өзін-өзі танытуы мен әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз ету

1. ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет

Туғаннан бастап	Жеке тұлға ретінде	Қоғам азаматы ретінде
адамның дамуына жағдай жасау	әлеуметтік тәрбие, сүйемел, көмек	нақты қоғамның (қауымның) мүшесі ретінде даму

НЕГЕ СҮЙЕНІП ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

- дәстүрлер
- әдет-ғұрып
- мәдениет
- әлеуметтік тәжірибе

Әлеуметтік педагогиканың даму бағыттары

Жеке тұлғалық бағыт
«индивидуалдық» педагогика

- бастауы: Д. Локк, Ж. Руссоның «индивидуалдық» педагогикасы
- шартты-гуманистік және кертартпа тәсілдемелер
- XIX ғ. 2-жарт.: Ф. Ницшенің «асқан адам» тұжырымдамасы

⇄

Әлеуметтік бағыт
тұлғаны қоғам өміріне даярлау

- «индивидуалдық» педагогиканың баламасы ретінде қалыптасты
- адамды нақты қоғамдағы өмірге даярлауды негіздейді

Педагогтар алдындағы мәселе: адамды өзі үшін тәрбиелеу ме, әлде белгілі бір орта (мемлекет, қоғам) өміріне даярлау ма?

1. ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Орта педагогикасы

Орта педагогикасы адамның дамуы мен тәрбиесіне тікелей және жанама ықпал ететін ортаның мүмкіндіктерін зерттейді

ОРТАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ФАКТОРЛАРЫ

Отбасы (туған, асырап алған, мемлекеттік мекеме)	**Бұқаралық ақпарат құралдары**	**Ойыншықтар мен ойындар**	**Оқыған кітаптары**
Достары	**Құрмет тұтатын тұлғалар**	**Ұжымдар**	**Көше**

Әр фактордың өзіндік тәрбиелік мүмкіндіктері бар

1. ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Әлеуметтік бағыт: өкілдері және құрамы

ӨКІЛДЕРІ

- П. Наторп
- П. Бергеманн
- И.Г. Песталоцци
- Дж. Дьюи
- Г. Кершенштейнер
- Р. Зейдель
- С.Т. Шацкий (1878–1934)
- А.С. Макаренко (1888–1939)
- Б.Т. Лихачев (1929–1999)
- В.Д. Семенов

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТЫҢ ҚҰРАМЫ

Жеке адамның әлеуметтік қалыптасу педагогикасы

Әлеуметтік ауытқушылықтар педагогикасы

Әлеуметтік тәрбие

Жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасу педагогикасы

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде дамиды:

1

Ішкі жеке тұлғасына байланысты

өзінің жеке қасиеттері, ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сай

2

Ортаға байланысты

өмір сүретін және өзін танытатын әлеуметтік жағдайларға сәйкес

3

Сыртқы әлеуметтік байланыстылық

қоғамның әлеуметтік-мәдени өмір салты талаптарына бағдар ұстайды

Өкілдері: К. Магер (1811–1855), Х. Мискес, М.А. Галагузова, А.В. Мудрик, Б.Т. Лихачев

1. ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Әлеуметтік ауытқулар педагогикасы

Адам мен топтың дамуы мен тәрбиесіндегі әлеуметтік ауытқуларды зерттейді:

Себептері → **Алдын алу** → **Жеңу мүмкіндіктері**

АУЫТҚУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

1. адамның бұдан бұрынғы өмір сүру ортасы
2. әлеуметтік қалыптасу кезеңіндегі жеке даралық бейімділік

Өкілдері: И.Г. Песталоцци, К. Молленхауер, Ф.А. Дистервег (1790–1866), А.С. Макаренко, В.Н. Сорока-Росинский (1888–1960)

2. ӘДІСНАМАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ӨЛШЕМДЕРІ

Әлеуметтік педагогика әдіснамасының белгілері



НЕНІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

- тұлға ретінде қалыптасу
- өзін-өзі жетілдіру
- өзін-өзі таныту
- мақсатты әлеуметтік қалыптасу
- мәдениетті сіңіру

Әлеуметтік педагогиканың үш қыры

Теория

ұғымдар, пайымдаулар, заңдар мен заңдылықтар жүйесі

- тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы
- топты басқару үдерістері
- ауытқулар және оларды жеңу

Практика

әлеуметтік педагогтың бағытталған қызметі

- диагностика және болжау
- түзету, тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу
- топты басқару және жұмылдыру

Білім беру кешені

мамандарды даярлау теориясы мен практикасы

- әлеуметтік педагогтарды даярлау
- кәсіби даярлықты теориялық-әдістемелік қамтамасыз ету

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!